

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 ақпандағы N 167 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық
актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету
мәселелері бойынша толықтырулар мен
өзгерістер енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 21-22, 281-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 10, 49-құжат; N 14, 109-құжат; N 15, 138-құжат; 2004 ж., N 5, 25-құжат; N 17, 97-құжат; 2005 жылғы 7 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аралық соттар және төрелік қызметінің мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 28 желтоқсандағы Заңы):

273-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацында:

"кезеңінде," деген сөзден кейін "сондай-ақ дауыс беру күнінен бастап бір ай ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

"және дауыс беру күні түскен арыз дереу" деген сөздер ", дауыс беру күні және сайлау қорытындылары жарияланғанға дейін дереу" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 10, 106-құжат; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 15, 137-құжат; N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 17, 97-құжат; 2004 жылғы 28 желтоқсанда "Егемен Қазақстан " және 2004 жылғы 15 желтоқсанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған " Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық істерді тергеу рәсімдерін жеңілдету, қылмыстардың кейбір құрамдарын қылмыстық сипатта арылту және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 желтоқсандағы Заңы):

1) 233-баптың екінші бөлігінің б) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) қаруды немесе азаматтардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіретін қару, жарылғыш заттар немесе жарылғыш құрылғы ретінде пайдаланылатын заттарды қолдан а отыры п жасалса, - " ;

2) мынадай мазмұндағы 233-3-баппен толықтырылсын:

"233-3-бап. Экстремистік және террористік қызметті қаржыландыру

1. Экстремистік және террористік қызметті қаржыландыру, - бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет жасалған дәл сол әрекет - үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

3) 2 5 0 - б а п т а :

е к і н ш і б ө л і к т е :

мынадай мазмұндағы г) тармағымен толықтырылсын:

"г) адамдар тобы алдын ала сөз байласып жасаса,-";

екінші абзацта "екі жылдан сегіз жылға дейінгі" деген сөздер "жеті жылдан он екі жылға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

ү ш і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац "немесе қылмыстық қауымдастық (қылмыстық ұйым)" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацта "жеті" деген сөз "он" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 328-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Қазақстан Республикасы Конституциясында белгіленген лауазымды атқаратын лауазымды адамның атағын өз бетінше иелену,-

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

тақырыбы "қоғамдық" деген сөзден кейін "және басқа да" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші бөлікте "шет мемлекет, немесе шетел азаматтары, немесе шетелдік не халықаралық ұйымдар" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынған көздер" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) мынадай мазмұндағы 337-1-баппен толықтырылсын:

"337-1-бап. Қоғамдық немесе діни бірлестіктің не олардың қызметіне тыйым салу немесе тарату туралы соттың шешімінен кейін өзге де ұйымдардың қызметін ұйымдастыру

1. Қоғамдық немесе діни бірлестіктің не оларға қатысты тарату немесе экстремистік қызметті жүзеге асырумен байланысты қызметіне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар өзге де ұйымдардың қызметін ұйымдастыру,-

үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бір жылдан екі жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Қоғамдық немесе діни бірлестіктің немесе оларға қатысты тарату немесе экстремистік қызметті жүзеге асырумен байланысты қызметіне тыйым салу туралы сот заңды күшіне енген шешім қабылдаған өзге де ұйымдардың қызметіне қатысу,-

екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның он сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Қоғамдық немесе діни бірлестіктің немесе оларға қатысты тарату немесе экстремистік қызметті жүзеге асырумен байланысты қызметіне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар өзге де ұйымдардың қызметіне қатысуды өз еркімен тоқтатқан адам егер оның әрекетінде қылмыстың өзге құрамы қамтылмаса қылмыстық жауапкершіліктен босатылады."

3. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 337-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; N 8, 189-құжат; N 18, 339-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 23-24, 192-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; 2004 жылғы 28 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және 2004 жылғы 15 желтоқсанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық істерді тергеу рәсімдерін жеңілдету, қылмыстардың кейбір құрамдарын қылмыстық сипаттан

арылту және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 желтоқсандағы Заңы ; 2005 жылғы 7 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аралық соттар және төрелік қызметінің мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 28 желтоқсандағы Заңы ; 2005 жылғы 8 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және 2005 жылғы 7 қаңтарда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әділет органдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 29 желтоқсандағы Заңы ; 2005 жылғы 11 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және 2005 жылғы 8 қаңтарда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 31 желтоқсандағы Заңы):

1 9 2 - б а п т а :

бірінші бөлікте "233-2" деген сандардан кейін "233-3" деген сандармен толықтырылсын ;

4-1-бөлік "259 (үшінші және төртінші бөліктерінде)," деген сөздерден кейін "337-1," деген сандармен толықтырылсын.

4. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат, N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; 2005 жылғы 7 қаңтарда " Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аралық соттар және төрелік қызметінің мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 28 желтоқсандағы Заңы ; 2004 жылғы 28 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және 2004 жылғы 15 желтоқсанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін қылмыстық істерді тергеу рәсімдерін жеңілдету, қылмыстардың кейбір құрамдарын қылмыстық сипаттан арылту және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 желтоқсандағы Заңы):

1) мынадай мазмұндағы 102-2, 102-3-баптармен толықтырылсын:

"102-2-бап. Тең дауыс беру құқығы туралы талапты бұзу

Екі немесе одан да көп немесе басқа сайлаушы үшін дауыс беру арқылы тең дауыс

б е р у

қ ұ қ ы ғ ы н

б ұ з у , -

айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға
ә к е п с о ғ а д ы .

102-3-бап. Кандидаттарды, партиялық тізімін ұсынған саяси партияларды ұсыну мен сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге септігін тигізетін қызметті жүзеге асыру

Шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың кандидаттарды, партиялық тізімін ұсынған саяси партияларды ұсыну мен сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге септігін тигізетін қызметті жүзеге асыру,-

жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен кетіре отырып айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде немесе онсыз, заңды тұлғаларға отыздан алпысқа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы . " ;

2) 343-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бұқаралық ақпарат құралдарының лауазымды адамдарына айлық есептік көрсеткіштің жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не баспа өнімдерінің тәркіленуімен он бес тәулікке дейін мерзімге әкімшілік қамауға әкеп с о ғ а д ы . " ;

3) 3 4 4 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде не он бес тәулікке дейін мерзімге әкімшілік қамаумен, заңды тұлғаларға - бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерінің тәркіленуімен бес жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы . " ;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде не он бес тәулікке дейін мерзімге әкімшілік қамаумен, заңды тұлғаларға - өнімдердің тәркіленуімен бес жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

4) 373-баптың бірінші бөлігінде:

"кедергі жасау," деген сөздерден кейін "сондай-ақ заңсыз жиналыстарға, митингілерге, шерулерге, демонстрацияларға не өзге де жариялы іс-шараларға қатысу," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"азаматтарға ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде және лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі

мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

5) 374-бап мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші бөліктермен толықтырылсын:

4. Шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың, шетелдіктердің қатысуымен заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, діни бірлестіктердің, қайырымдылық ұйымдарының саяси партияларды қаржыландыруы,- заңсыз қайырымалдықтардың тәркіленуімен, лауазымды адамдарға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңсыз қайырымалдықтардың тәркіленуімен, заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың саяси партияларды қаржыландыруы, -

заңсыз қайырымалдықтардың тәркіленуімен, Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен келтіре отырып екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Саяси партиялардың заңсыз қайырымалдықтарды қабылдауы,- заңсыз қайырымалдықтардың тәркіленуімен, саяси партияның басшысына төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға және он бес тәулікке дейін мерзімге әкімшілік қамаумен не онсыз саяси партияның қызметіне тыйым салуға әкеп соғады.

7. Саяси партиялардың қаржылық қызметі туралы жылдық есепті жарияламау,- партияның басшысына айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға саяси партияның қызметін алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға әкеп соғады.

8. Саяси партиялардың, оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдар немесе өкілдіктердің) заңда көзделген жағдайларда қайта тіркеусіз қызметті жүзеге асыруы,- партияның басшысына айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, саяси партияның қызметін тоқтатуға әкеп соғады.";

б) 374-1-бап. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне басшылық жасау, қатысу, сондай-ақ олардың қызметін қаржыландыру

1. Белгіленген тәртіппен тіркелмеген, сол сияқты қызметі тоқтатылған немесе тыйым салынған қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне басшылық жасау,- жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Белгіленген тәртіппен тіркелмеген сол сияқты қызметі тоқтатылған немесе тыйым салынған қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне қатысу,- елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Белгіленген тәртіппен тіркелмеген сол сияқты қызметі тоқтатылған немесе тыйым салынған қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметін қаржыландыру,-

екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7) 375-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Азаматтардың, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың есептік тіркеусіз миссионерлік қызметті жүзеге асыруы,- азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен кетіре отырып он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады ."

8) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында:
екінші абзацта:

"372-374," деген сандардан кейін "374-1," деген сандармен толықтырылсын; жиырма алтыншы абзацта "355," деген сандардан кейін "374 (алтыншы бөлігі)," деген сандармен толықтырылсын; жиырма сегізінші абзацта "361," деген саннан кейін "374 (төртінші, бесінші, жетінші, сегізінші бөліктермен)," деген сөздермен толықтырылсын.

5. "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" 1992 жылғы 15 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 84-құжат; 1995 ж., N 20, 120, 121-құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; 2004 жылғы 30 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және 2004 жылғы 28 желтоқсанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 20 желтоқсандағы Заңы):

1) мынадай мазмұндағы 1-1-баппен толықтырылсын:

"1-1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар

Осы Заңда мынадай терминдер мен ұғымдар пайдаланылады:

1) ғибадат орны (ғимарат) - құдайға құлшылық етуге, уағыздар мен діни жиналыстарға, тәу етуге арналған объект;

2) миссионерлік қызмет - діни-ағартушылық қызмет арқылы қандай да бір діни ілімді уағыздау және тарату.";

2) 4-бап мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Белгіленген тәртіппен тіркелмеген діни бірлестіктердің қызметіне жол берілмейді."

3) мынадай мазмұндағы 4-1 және 4-2-баптармен толықтырылсын:

"4-1-бап. Миссионерлік қызмет

Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ

адамдар (бұдан әрі - миссионер) Қазақстан Республикасының аумағында миссионерлік қызметті уәкілетті органда есептік тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырады.

Есептік тіркеуден өтпей миссионерлік қызметті жүзеге асыру Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

4-2-бап. Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды
е с е п т і к т і р к е у

Миссионерлік қызметпен айналысатын адамдарды есептік тіркеуді жергілікті атқарушы органдар жүргізеді.

Қазақстан Республикасының аумағындағы миссионерлер миссионерлік қызметті жүзеге асыра бастаған соң бір жылдан кейін жергілікті атқарушы органдарда қайта тіркеуден өтуге міндетті.

Есептік тіркеу үшін миссионерлер жергілікті атқарушы органға мынадай құжаттар мен материалдарды ұсынады:

1) діни нанымға тиесілігін, миссионерлік қызмет аумағы мен мерзімі көрсетілген өтініш;

2) миссионерлік қызметті жүзеге асыру құқығына діни ұйым берген сенімхаттың немесе өзге де құжаттың көшірмесі;

3) тіркеу туралы куәліктің немесе миссионер мүддесін білдіретін діни ұйым өз елінің заңнамасына сәйкес ресми тіркелгендігін куәландыратын өзге де құжаттың көшірмесі;

4) Қазақстан Республикасында тіркелген діни ұйымның шақыруы;

5) миссионерлік қызметке арналған діни мақсаттағы әдебиеттер, аудио-, бейне-материалдар және (немесе) өзге де заттар. Есептік тіркелгеннен кейінгі қосымша пайдаланылатын діни мазмұндағы материалдар жергілікті атқарушы органдармен келісіледі.

Көрсетілген құжаттарды ұсынған кезде өтініш беруші белгіленген тәртіппен тіркелген төлқұжатын немесе жеке басын куәландыратын өзге де құжатты көрсетеді.

Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды есептік тіркеуді құжат берілген күннен бастап жеті тәуліктен аспайтын мерзімде жергілікті атқарушы орган жүргізеді."

4) 5-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Баланы діни тәрбиелеу оның жан-жақты дамуына, дене немесе рухани денсаулығына зиян келтірмеуге тиіс.";

5) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1-бап. Діни бірлестіктің қызметін тоқтата тұру

1. Діни бірлестіктің қызметін соттың шешімі бойынша үш айдан алты айға дейінгі мерзімге немесе сот шешім шығарғанға дейін прокурор тоқтата тұруы мүмкін. Прокурор діни бірлестіктің қызметін тоқтата тұрған жағдайда, ол үш күн ішінде діни бірлестіктің қызметін үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтату туралы өтінішпен

с о т қ а

ж ү г і н у г е

т и і с .

Д і н и б і р л е с т і к т і ң қ ы з м е т і :

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын бұзған;
2) діни бірлестіктің жарғысына (ережесіне) қайшы келетін іс-әрекеттерді үнемі жүзеге асырған жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Діни бірлестіктің қызметі тоқтатылып тұрған кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарында оның атынан сөйлеуге, жиналыстар, митингілер және өзге де жария сөз сөйлеуді ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салынады, сондай-ақ еңбек шарттары, оның қызметі салдарынан келтірілген залалдың орнын толтыру және айыппұлдар төлеу жөніндегі есеп айырысуларды қоспағанда, діни бірлестіктің банктік шоттары бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрады.

3. Егер діни бірлестіктің қызметін тоқтата тұрудың белгіленген мерзімі ішінде тәртіп бұзушылықтар жойылатын болса, діни бірлестік өз қызметін қайта бастайды.

4. Діни бірлестіктің орын алған тәртіп бұзушылықты жойғандығы фактісін діни бірлестіктің қызметін тоқтата тұру туралы шешім шығарған сот анықтайды.";

б) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Діни бірлестікті қайта ұйымдастыру және тарату

1. Діни бірлестікті қайта ұйымдастыру (қосылу, бірігу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құру) Қазақстан Республикасының заң актілерінде және діни бірлестіктің жарғысында (ережесінде) көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында оның жоғары органының шешімі бойынша жүргізіледі.

2. Қайта ұйымдастырылғаннан кейін жаңадан құрылған діни бірлестікті тіркеу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3 . Д і н и б і р л е с т і к :

1) оның органының шешімі бойынша;

2) соттың шешімі бойынша таратылады.

4. Діни бірлестікті таратуды діни бірлестіктің жоғары органы тағайындайтын тарату комиссиясы немесе Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен с о т ж ү р г і з е д і .

5. Соттың шешімі бойынша діни бірлестік:

1) осы Заңның талаптарын орындамаған;

2) діни бірлестіктің қызметін тоқтата тұру үшін негіз болған тәртіп бұзушылықтарды сот белгілеген мерзімде жоймаған;

3) діни бірлестіктің жарғысына (ережесіне) қайшы келетін іс-әрекеттерді үнемі ж ү з е г е а с ы р ғ а н ;

4) Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынған қызметті жүзеге асырған не Қазақстан Республикасының заңдарын бірнеше мәрте (кемінде екі рет) н е м е с е ө р е с к е л б ұ з ғ а н ;

5) мемлекеттік тіркеу үшін табыс етілген құжаттардағы мәліметтердің дұрыс

еместігі анықталған кезде діни бірлестікті мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп таныған не діни бірлестікті мемлекеттік тіркеудің күші жойылған жағдайларда;

б) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда таратылуы мүмкін."

6. "Жедел-іздістіру қызметі туралы" 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 13-14, 199-құжат; 1995 ж., N 24, 167-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 275-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 17-18, 245-құжат; 2002 ж., N 4, 32-құжат; N 15, 147-құжат; N 17, 155-құжат; 2004 ж., N 18, 106-құжат; 2005 жылғы 8 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және 2005 жылғы 7 қаңтарда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әділет органдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 29 желтоқсандағы Заңы):

1) 11-баптың 3-тармағының төртінші абзацында "почта, телеграф арналарында сыртқы белгілері бойынша" деген сөздер "желілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2) 1 2 - б а п т а :

2-тармақтың б) тармақшасында "почта, телеграф арналарында сыртқы белгілері бойынша" деген сөздер "желілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта "жедел-іздістіру шаралары" деген сөздер "арнайы жедел-іздістіру шаралары" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63, 64-құжаттар; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 1-құжат; N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 18, 157-құжат; 2003 ж., N 4, 25-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат):

1) 6-баптың тоғызыншы бөлігі "Қоғамдық бірлестіктер туралы," деген сөздерден кейін "Саяси партиялар туралы," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 9-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Саяси партияларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттар қоса тіркеліп, өтініш берілген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей жүргізілуге тиіс."

8. "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы" 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 13, 272-құжат; 2002 ж.,

2-баптың а) тармақшасы "қылмыстар үшін" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ экстремизм белгілерін қамтитын қылмыстар үшін" деген сөздермен толықтырылсын.

9. "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 21, 771-құжат; 2001 ж., N 10, 122-құжат; 2003 ж., N 24, 175-құжат):

1) 2-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Мемлекеттік құпияны немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге, терроризм мен экстремизмді насихаттауға және ақтауға, Қазақстан Республикасында террорға қарсы операцияларды жүргізу барысында осы операциялардың техникалық тәсілдерін, тактикасын ашатын ақпараттарды таратуға есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды, сондай-ақ порнографияны насихаттауға жол берілмейді.";

2) 13 - бапта :

1 - тармақта :

"тоқтатыла тұруы не" деген сөздер алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын:

"Бұқаралық ақпарат құралын шығаруды (эфирге шығаруды) меншік иесі, сот немесе прокурор тоқтата тұруы мүмкін. Прокурор бұқаралық ақпарат құралын шығаруды (эфирге шығаруды) тоқтата тұрған жағдайда, ол үш күн ішінде бұқаралық ақпарат құралын шығаруды (эфирге шығаруды) тоқтату туралы өтінішпен сотқа жүгінуге тиіс."

3 және 4-тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік құпияны немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын мәліметтерді жария ету, қатыгездік пен зорлыққа бас ұруды, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты насихаттау немесе үгіттеу, террорға қарсы операциялардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпараттарды тарату, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды насихаттау, теле-, радио-, бейнеөнімдерді, порнографиялық жыныстық-эротикалық сипаттағы өнімдерді насихаттау, осы Заңның 2-бабының 3-тармағында, 3-бапта 10-баптың 3-2-тармағында көзделген талаптарды бұзу, 14-баптың 3-1-тармағының, 15-баптың талаптарын бір жыл ішінде қайталап бұзу белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарын шығаруды (эфирге шығаруды) тоқтата тұруға негіз болып табылады .

4. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты насихаттау және үгіттеу, терроризм мен экстремизмді насихаттау және ақтау, сондай-ақ белгіленген мерзімде бұқаралық ақпарат құралын шығаруды (эфирге шығаруды) тоқтата тұру себебін жоймау бұқаралық ақпарат құралдарын шығаруды (эфирге шығаруды)

тоқтатуға негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес меншік иесінің шешімі бойынша да бұқаралық ақпарат құралдарын шығаруды (эфирге шығаруды) тоқтатуға болады."

10. "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" 2001 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 1, 8-құжат; N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 10, 56 - құжат) :

41 - бапта :

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шет мемлекеттер, халықаралық және шетелдік ұйымдар мен азаматтар, азаматтығы жоқ адамдар өтеусіз негізде беретін қаражаттың есебінен қызметін жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес салық органдарына осы қаражатты пайдалану туралы есеп ұсынады.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктері (оқшауланған бөлімшелері) баспасөз басылымдарында өз қызметі туралы, соның ішінде өз құрылтайшылары, мүліктің құрамы туралы, қалыптастыру көздері мен ақшаны жұмсау бағыттары туралы жыл сайын жариялайды."

11. "Саяси партиялар туралы" 2002 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 16, 153 - құжат) :

1) 6 - бапта :

1-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын:

"Азаматтар саяси партияның құрылтай съезіне (конференциясына) жеке қатысады. Азаматтардың өкілдігі саяси партияның құрылтай съезіне (конференциясына) сенімхатпен жіберілмейді. Саяси партияның құрылуын, соның ішінде құрылтай съезінің (конференция) өткізілуін ұйымдастыруды қаржыландыру осы Заңның 18-бабының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.";

2-тармақ "нысан бойынша" деген сөздерден кейін "электрондық жеткізуші арқылы және қағазға түсірілген күйінде" деген сөздермен толықтырылсын.

2) 10-баптың 7-тармағының 4) тармақшасы "сай келетін" деген сөздерден кейін "электрондық жеткізуші арқылы және қағазға түсірілген күйінде" деген сөздермен толықтырылсын ;

3) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Саяси партияны мемлекеттік тіркеуден бас тарту

1. Тіркеуші орган заң актілерінде көзделген негіздемелер бойынша, сондай-ақ партия құрудың заңда белгіленген тәртібін бұзған, ұсынылған құжаттар, соның ішінде оның құрылтай құжаттары мен партия мүшелерінің, оның құрылымдық бөлімшелерінің

(филиалдары мен өкілдіктері) тізімдері Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес келмеген жағдайда саяси партияны мемлекеттік тіркеуден бас тартады.

Тіркеуші орган заң актілеріне көзделген негіздемелер бойынша, сондай-ақ құрылымдық бөлімшені (филиалды немесе өкілдікті) құрудың заңдарда белгіленген тәртібін бұзған, есептік тіркеуге ұсынылған құжаттар, соның ішінде партия мүшелерінің тізімдері Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес келмеген жағдайда саяси партияның құрылымдық бөлімшесін (филиалын немесе өкілдікті) есептік тіркеуден бас тартады.

2. Мемлекеттік тіркеуден бас тартылған жағдайда саяси партия тіркеуші органға үш ай өткен соң оны мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар ұсына алады.

3. Саяси партияны мемлекеттік тіркеуден, оның құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) есептік тіркеуден бас тарту сот тәртібімен шағымдалуы мүмкін. "

4) 12-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Азаматтардың саяси партия құру жөніндегі бастамашыл тобының, саяси партия мүшелері тізімдерінің дұрыстығы осы Заңның 6-бабы 1-тармағының, 8-бабының, 10-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкес келуін тексеруді Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен тиісті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.;"

5) 13-баптың 1-тармағында:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Саяси партияның қызметін сот шешімі бойынша үш айдан алты айға дейінгі мерзімге немесе прокурор сот шешімі шыққанға дейін тоқтата тұруы мүмкін. Прокурор саяси партияның қызметін тоқтата тұрған жағдайда, ол үш күн ішінде саяси партияның қызметін тоқтату туралы өтінішпен сотқа жүгінуге тиіс.

Саяси партияның қызметі: "

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) саяси партиялар мүшелерінің саны осы Заңның 10-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкес келмеген;"

6) 14-баптың 5-тармағында:

7) тармақша мынадай сөздермен толықтырылсын "саяси партия осы Заңда тыйым салынған қайырмалдықтарды қабылдаған";

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) саяси партия, оның құрылымдық бөлімшелері (филиалдары немесе өкілдіктері) қызметін заңдарда көзделген жағдайларда қайта тіркеусіз жүзеге асырған;"

7) 18-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақта көрсетілген адамдардан келіп түскен қайырмалдықтар соттың шешімі бойынша мемлекеттің кірісіне аударылады.;"

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Саяси партияның жылдық қаржылық есебі жыл сайын республикалық баспасөз басылымдарында жарияланады."

2-бап. Осы Заң оны ресми жариялаған күннен бастап, он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабы 2-тармағының 2), 3), 4), 5), 6) тармақшаларын және 4-тармағының 1)-7) тармақшаларын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК